

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жедел-ізвестіру қызметі мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 мамырдағы N 507 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жедел-ізвестіру қызметі мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жедел-ізвестіру қызметі мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат):

1) 16-бапта "кеден ісін" деген сөздерден кейін ", жедел-ізвестіру қызметі туралы заңдарға сәйкес жедел ізвестіру қызметін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 23-бап мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметі туралы заңдарына сәйкес жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға".

2. "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат ; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат; 2002 ж., N 17, 155-қ ұ ж а т) :

1) 6-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы к) тармақшасымен толықтырылсын :

" к) к е д е н о р г а н д а р ы ; " ;

2) 1 0 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші абзацтағы "қаржы полициясы" деген сөздерден кейін ", кеден органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 12-баптың 2-тармағында:

екінші бөліктің а) тармақшасында "және қаржы полициясы органдары" деген сөздер ", қаржы полициясы органдары және кеден органдары" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші бөлікте "қаржы полициясы органдары" деген сөздерден кейін ", кеден органдары" деген сөздермен толықтырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК